ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ
ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ КАРАТАЛЬСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

**ӨКІМ**

**РАСПОРЯЖЕНИЕ**

2026 жыл 15 қаңтар
Қаратал ауылы

№ 03 н/қ
село Каратальск

**Мемлекеттік сатып алу**
**(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)**
**бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5-тармағына сәйкес, Қаратал ауылдық округінің әкімі **ӨКІМ ЕТЕДІ**:

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 35-тармақшасына сәйкес, ашық конкурс нәтижесінің жеңімпазы анықталғанша, Қаратал ауылдық округінің автомобиль жолдарын 2026 жылдың қаңтар және ақпан айларында қысқы күтіп ұстау жұмыстары бойынша қызметтерін сатып алуға келісім шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсәлімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Д. Таутеева мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын қызметтерді анықталған мердігерлерге шақыруды жолдасын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жүргізуін өз құзырымда қалдырамын.

**Округ әкімі** **С. Алимбаев**

**000367**